

Т.О. Қоңырбекова , А.З. Кайбулдаева* ,

А.А. Қартабаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: axaule.kaibuldayeva@gmail.com

ЕКІНШІ ТІЛДІ МЕНҒЕРУ: ЕРЕСЕК ТІЛ ҮЙРЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ СЕПТІК ЖҮЙЕСІН МЕНҒЕРУДЕГІ ҚАТЕЛЕРІН ТАЛДАУ (түркімен студенттердің материалдары бойынша)

Мақала қазақ тіл біліміне жаңа ғылыми серпіліс ретінде соңғы жылдары өзге қырынан қарастырылып, практикалық маңызға ие болып отырған екінші тілді меңгеру және ересек тіл үйренушілердің қателерін талдауға арналады. Мақалада қолданбалы тіл білімі шеңберіндегі екінші тілді меңгеру, қателерді талдау мәселелерін зерттеген шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, аталмыш мәселелерге байланысты жасалған ғылыми анықтамалары, тұжырымдары талқыланды. Мақалада жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау, ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы әдіс қолданыс тапты. Екінші тілді меңгеру мен ересек тіл үйренушілердің қателерін талдауға байланысты шетелдік ғалымдардың пікірлері салыстырылып, топтастырылды. Сонымен қатар, аралық тіл термині жайлы сөз қозғалып, аралық тілдің пайда болуына ықпал ететін үдерістер, екінші тілді меңгеру кезеңдері сызба түрінде берілді. Мақалада екінші тілді меңгеру мәселесінің теориялық тұстары жан-жақты қарастырылды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алып жүрген ұлты түркімен студенттердің қазақ тілін екінші тіл ретінде үйреніп жүргендіктен, аталмыш мәселеге байланысты зерттеу жүргізіліп, ересек тіл үйренушілердің қателеріне талдау жасалынды. Мақалада тек шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің қарастырылуы екінші тілді меңгеру мәселесінің отандық, яғни қазақ тіл білімі ғылымында әлі де кенжелеп тұрғандығының дәлелі.

Түйін сөздер: екінші тілді меңгеру, қателерді талдау, ересек тіл үйренушілер, қолданбалы тіл білімі.

T.O. Konyrbekova, A.Z. Kaibuldayeva*, A.A. Kartabayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: axaule.kaibuldayeva@gmail.com

Challenges of Second Language Acquisition: Error Analysis of Adult Learners in the Kazakh Case System (Based on Turkmen Learners)

The article is devoted to the issues of second language acquisition and the analysis of adult learners' errors, which in Kazakh linguistics is considered from a different angle in recent years and has gained practical importance. The study provides a review of the research conducted by foreign scholars within the framework of applied linguistics on second language acquisition and error analysis, highlighting their definitions, theoretical approaches, and conclusions. The research employs methods of continuous sampling, classification, systematization, descriptive analysis, and comparative analysis. Opinions of foreign scholars on second language acquisition and the errors of adult learners are compared and categorized. Particular attention is given to the phenomenon of interlanguage: the processes influencing its emergence and the stages of second language acquisition are presented in a schematic form. Theoretical aspects of second language acquisition are comprehensively examined. As practical material, the study analyzes errors made by Turkmen students studying at Al-Farabi Kazakh National University, for whom Kazakh functions as a second language. The exclusive focus on foreign scholarly works indicates that the issue of second language acquisition in domestic research, particularly in Kazakh linguistics, remains at an early stage of development.

Keywords: second language acquisition, error analysis, adult learners, applied linguistics.

Т.О. Кобырбекова, А.З. Кайбулдаева*, А.А. Картабаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: axaule.kaibuldayeva@gmail.com

**Усвоение второго языка: анализ ошибок взрослых обучающихся
при овладении падежной системой казахского языка
(на материале студентов-туркмен)**

Статья посвящена проблематике усвоения второго языка и анализу ошибок взрослых обучающихся, которая имеет как и практическую, так и теоретическую значимость. В работе представлен обзор исследований зарубежных ученых в рамках прикладного языкознания, посвященных вопросам второго языка и анализа ошибок; раскрываются их научные дефиниции, концептуальные положения и выводы. В исследовании использованы методы сплошной выборки, классификации, систематизации, научного описания и сравнительного анализа. Проведено сопоставление и группировка мнений зарубежных исследователей по проблеме овладения вторым языком и характеру ошибок взрослых учащихся. Особое внимание уделено феномену межъязыка: рассматриваются процессы, влияющие на его формирование, а также этапы усвоения второго языка, представленные в схематической форме. Теоретические аспекты второго языка анализируются комплексно и всесторонне. В качестве практического материала исследованы ошибки студентов-туркмен, обучающихся в Казахском национальном университете имени аль-Фараби, для которых казахский язык является вторым. Акцент исключительно на зарубежных научных трудах демонстрирует тот факт, что проблематика усвоения второго языка в отечественном языкознании, в частности в казахской лингвистике, пока еще находится на начальной стадии развития.

Ключевые слова: усвоение второго языка, анализ ошибок, взрослые обучающиеся, прикладная лингвистика.

Кіріспе

Білім беру мен оқыту үдерісі елдегі тұрақты даму үрдісі мен оның ірі әрі ұзақ мерзімді жоспарлауында маңызды рөл ойнайтын түрлі әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық аспектілерін қамти отырып, тәуелсіз мемлекеттердің әлемдік аренада өркендеп өсіп дамуына негіз болатын іргетас. Қазіргі уақытта басты трендке айналған бәсекеге қабілеттілік білім нарығында да айрықша назарға ілігеді. Жаңа Қазақстандағы білім беру сапасын арттыру, тілдік саясат және ғылым саласындағы мақсат-міндеттері айқын жоспарларда бірнеше тілді меңгеру нақты көрініс тапқан.

Тіл үйрену немесе екінші тілді меңгеру – ұзақ уақытты талап ететін кешенді үдеріс. Академиялық ортадағы білім алушылар белгілі бір тілді үйренуге көп уақыт жұмсайды және аталмыш үдеріс әрбір жеке тұлғаның бойында тілдік қабілет ретінде дамып жетіледі. Кешен түрлі стратегиялар, қадамдар және жолдардан құралады. Ғылыми тұрғыдан үйрену стратегияларына көптеген ғалымдар өз анықтамаларын ұсынған. Мысалы, «үйрену стратегиялары – тіл үйренушілер қабылдаған ақпаратты өңдеу барысындағы іс-әрекеттер, қадамдар, жоспарлар немесе амалдар» (Wenden, Rubin, 1987). «Тіл үйрену стратегиялары – жаңа ақпаратты түсіну және меңгеру, білім сапасын арттыруға арналған арнайы ойлар

мен іс-әрекеттер» (Chamot, Kupper, 1989: 3). Тіл білімі саласындағы ғалымдардың зерттеуінше тіл үйренушілердің тілді меңгеру жолдары алуан түрлі болғандықтан тіл білімі ғылымында «үйрену жолдары» атты ұғым пайда болған (O'Malley, Chamot, 1990). Яғни әрбір тіл үйренуші өзіне тән әдіс-тәсілдер мен «үйрену жолдары» арқылы екінші тілді меңгереді және дамытады. Бір тіл үйренушіге сәйкес келген амалдар, яғни «үйрену жолдары» екінші тіл үйренушіге мүлдем сәйкес келмеуі жиі кездесетін құбылыс.

Ғылыми техниканың күн өткен сайын үздіксіз дамуы, географиялық тұрғыдан шекаралас орналасқан мемлекеттер, тіпті шалғай аймақтарда қоныс тепкен халықтар, ұлттар, елдер және мемлекеттер арасында экономикалық және мәдениаралық қарым-қатынастар орнату ХХІ ғасырдың негізгі сипаттарының біріне айналды. Әлемнің көптеген өркениетті мемлекеттері үшін екінші тілді үйрену маңызды әрі өзекті міндеттердің біріне айналды. Осы орайда зерттеушілер тілді сәтті меңгеруге арналған бірнеше факторлардың тізімін толықтыруға үлес қосқан. Олардың көпшілігі тіл үйрену стратегияларына зерттеулер жүргізген. Алайда, зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей ересек тіл үйренушілер, олардың екінші тілді меңгеру дағдыларын жақсарту мақсатында қолданатын стратегиялары жайында мәліметтер аз.

Тіл үйрену және оны сәтті жүзеге асыру ұзақ әрі кешенді үдеріс болғандықтан, тілді оңтайлы әрі оңай үйренуге ықпал ететін арнайы жоспар немесе стратегия қажет. Тіл үйрену дегеніміз тек ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар іс-әрекет арқылы тілді меңгеру. Сондықтан, көптеген зерттеушілер тіл үйрену стратегияларын ғылыми зерттеу нысанына алып отыр. Тіл үйрену стратегиялары дегеніміз – тіл үйренушілер тілді үйрену және қолдану үшін жүзеге асыратын арнайы ақыл-ой және қарым-қатынас құралдары (Cohen, 2010). Тіл үйрену стратегияларына ғылыми тұрғыдан көптеген анықтамалар берілгенімен, олардың барлығы дерлік ортақ бір түсінікте тоғысады. Яғни тіл үйрену стратегиялары – тіл үйрену үдерісіндегі белгілі бір ақпаратты түсінуге арналған қадамдар, іс-әрекеттер, әдістер, тәсілдер немесе амалдар.

Тіл білімі ғылымында тіл үйрену стратегиялары зерттеу пәні ретінде бірнеше категорияларға бөлініп қарастырылған. Аталмыш стратегиялар негізінен төмендегідей үш түрлі категорияға жіктеледі:

1. Метатанымдық стратегиялар – үйрену үдерісін бақылау қабілеті іске қосыла отырып, үйрену үдерісімен хабардар болу орын алады.
2. Танымдық стратегия – еске сақтау және өзара ықпалдастық, тіл үйренушілерге берілген белгілі бір ақпаратты түсіну мен өңдеу іске асырылады.
3. Әлеуметтік стратегия – тілдің нақты қолданысын сипаттайды (O'Malley et al., 1985).

Материалдар мен әдістер

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім алып жүрген түркімен студенттерінен алынған тілдік материал (студенттердің жазған эсселері, диктанттары, мәтін құрастыру жұмыстары, сондай-ақ ауызша жауаптары, диалогтары мен қысқа сұхбаттар) – зерттеу жұмысының материалы ретінде негізге алынды. Респонденттердің жалпы саны – 120, жас ерекшеліктері 22-30 жас аралығы. Олардың барлығы қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру процесінде.

Жиналған материалдар негізінде қазақ тілінің септік жалғаулары жүйесін меңгеру барысындағы қателерге талдау жасалды. Оның ішінде табыс, жатыс, шығыс септіктерінің қолданылуындағы қателер жиі кездескендіктен олар арнайы бөлек қарастырылды.

Қателерді талдау үдерісі:

1. Материалдарды жинақтау. Студенттердің жазбаша жұмыстары (эссе, диктант, тест жауаптары) және ауызша сөйлеу үлгілері жиналды. Әр студенттен кемінде үш мәтін алынды.

2. Қателерді анықтау. Мәтіндер тексеріліп, барлық ауытқулар белгіленді. Қате түрлері бас-тапқыда лексикалық, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық болып бөлінді.

3. Қателерді классификациялау. Лексикалық қателер – сөздің орынсыз қолданылуы, калька, мағыналық сәйкессіздік. Грамматикалық қателер – морфология мен синтаксис ережелерінің бұзылуы. Орфографиялық қателер – сөзді қате жазу, әріптердің шатасуы. Пунктуациялық қателер – тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы.

4. Қателерді сандық талдау. Әр топтағы қателердің жиілігі есептелді. Жиі кездесетін қателер бөлек кестеге енгізілді.

5. Қателердің себептерін анықтау. Ана тілі әсері (интерференция). Қазақ және орыс тілдері нормаларының ықпалы. Оқу-әдістемелік базаның жеткіліксіздігі.

6. Қорытындылау. Қай қателер жүйелі, қайсысы кездейсоқ екені ажыратылды. Нәтижелер түзету жұмыстарына және оқыту әдістемесін жетілдіруге негіз болды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Жаппай жинақтау әдісі – студенттердің барлық жазбаша және ауызша жұмыстары жиналып, қателер толық қамтылды. Топтау және сұрыптау әдісі – қателер грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік), лексикалық және орфографиялық сипаттарына қарай жүйеленеді. Ғылыми сипаттама әдісі – әрбір қате тілдік тұрғыдан сипатталып, оның пайда болу себептері (оның пайда болу себептері ана тілінің ықпалы, аралық тілдің әсері, жалпылау немесе жеңілдету үдерістері) түсіндірілді. Салыстырмалы әдіс – студенттердің қазақ тіліндегі қателері әлемдік қолданбалы тіл білімі аясындағы теориялармен (С. Крашен, Р. Эллис, Л. Селингер, К. Джеймс еңбектері) салыстырылды. Сапалық және сандық талдау әдістері – қателердің түрлері бойынша пайыздық жиілігі анықталып, олардың сапалық ерекшеліктеріне интерпретация берілді. Зерттеу материалдарын өңдеу барысында қателердің табиғаты, жиілігі мен себеп-салдары анықталып, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгерудегі ересек тіл үйренушілердің қиындықтары айқындалды.

Бұл зерттеуде қателерді талдауға түркімен студенттері алынуы кездейсоқ емес. Түркімен

және қазақ тілдері тарихи тұрғыда жақын, шығу тегі бір – туыстас тілдер. Осыған қарамастан, қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру барысында түркімен үйренушілерде лексикалық, грамматикалық және орфографиялық қателер жиі кездеседі. Бұған бірнеше фактор әсер етеді:

1. Туыстас тілдер арасындағы ұқсастық пен айырмашылық. Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы ұқсас болғанымен, сөздік қоры мен кейбір грамматикалық категориялары өзгеше. Бұл интерференция құбылысына әкеледі.

2. Қазақстанда білім алушылардың артуы. Соңғы жылдары қазақстандық жоғары оқу орындарында түркімен студенттердің саны көбейіп келеді, демек олардың қазақ тілін меңгеру тәжірибесін зерттеу қажеттігі туындап отыр.

3. Салыстырмалы зерттеулердің аздығы. Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілер арасында орыс, өзбек, қырғыз үйренушілерге қатысты еңбектер бар, алайда түркімен үйренушілерге байланысты арнайы зерттеулер жеткіліксіз.

Әдебиеттерге шолу

Екінші тілді меңгеру мәселесінің өзектілігі тіл білімі ғылымында соңғы жылдары арта түскендігі едәуір байқалады. Қазіргі кезеңдегі екінші тілді меңгеру мәселесін зерттеудің дамуына түрткі болған негізгі екі ғылыми еңбек екендігі жайлы көптеген ғылыми мақалалар мен баяндамаларда сөз қозғалады. Ғалымдардың басым бөлігі екінші тілді меңгеру мәселесін жалпы адамзат баласының екінші тілді қалай үйренуін және меңгеруін зерттейтін тіл білімінің бір саласы ретінде анықтайды. Сәйкесінше, зерттеушілер екінші тілді меңгеру үдерісі кезінде ықтимал кедергілер мен қиындықтарды, меңгеру сатыларын немесе ретін белгілейді. Осыған байланысты Оңтүстік Калифорния университетінің құрметті демалыстағы профессоры, лингвист, қолданбалы тіл білімі мәселелері бойынша маман, ғалым С. Крашен былайша пайымдайды: «екінші тілді меңгеру – бірінші тілді толық меңгергеннен кейін меңгерілетін тіл ретінде түсіндіруге болады. Яғни кез келген тілді (шет тілдерін) ана тіліне қосымша үйрену дегенді білдіреді. Екінші тілді меңгеру тұжырымдамасы алғашында бейсаналы үйрену үдерісі ретінде қолданылып келсе, қазіргі таңда ол тілді мұралық меңгеру терминіне синоним ретінде қолданылып жүр. Екінші тілді үйрену мен екінші тілді меңгеру арасында шағын айырмашылық бар; екінші тілді үйрену дегені-

міз – тілді сыныпта оқу және үйрену, ал екінші тілді меңгеру – тілді сыныпта немесе өзге ортада тіл иелерімен (native speakers) қарым-қатынас жасау арқылы меңгеру. Сондықтан, екінші тілді үйрену мен екінші тілді меңгеру, сыныпта үйрену мен меңгеру үдерісінде бір-бірімен синонимдес болып келеді» (Krashen, 1981a).

Тіл білімі ғылымындағы зерттеушілер тілді меңгеру билингвизмнен бірқатар айырмашылық арқылы ерекшеленеді және ол тілдің өзін оқудың емес, оқу үдерісінің нәтижесі деп пайымдайды. Билингвизм екінші тілді меңгеру, шет тілін меңгеру, екінші тілді үйрену және шет тілін үйрену мәселелерін қамтиды. Жоғарыда тізбектелген мәселелердің барлығы бірдей негізгі бір үдеріс ретінде біріктіріледі, бірақ олардың әрбірі түрлі жағдаяттарда жүзеге асады (Gass, Selinker, 2008). Тіл үйрену шеңберінде орын алған көптеген талқылаулардан соң да күні бүгінге дейін шешімін таппаған мәселелер баршылық; екінші тілді меңгеру туралы барлық ғылыми теориялар екінші тілді меңгерудің толық түсіндірмесі ретінде әлі де нақты қабылданған жоқ.

Тіл білімі ғылымында екінші тілді меңгеру мәселесі әртүрлі қарастырылады. Мысалы, бірқатар ғалымдар екінші тілді меңгеру жалпы психология, қолданбалы психология және білім беру саласымен тығыз байланысты болғандықтан, қолданбалы тіл білімі саласындағы пән ретінде есептелуі мүмкін дейді (Gass, Selinker, 2008).

Сонымен қатар, ересек тіл үйренушілер кейбір қателерді бірінші тіл әсерінің нәтижесінде жасайды және бірінші тілдің екінші тілге әсері тілдің теріс тасымалы ретінде белгіленеді. Яғни бұл құбылыс тіл үйренушінің бойында бар бұрынғы тілдік білімі мен мақсатты тілді енгізу үдерісі арасындағы өзара әрекеттің нәтижесінде орын алуы мүмкін (Ellis, 2008). Тілдік тасымал тек ана тілінің немесе бірінші тілдің әсерінен ғана емес, сондай-ақ екінші, үшінші немесе одан кейінгі тілдердің түрлі категорияларда (дыбысталу, грамматика, дискурс, лексика және оқылым) әсері байқалуы ықтимал (Lightbown, 2006).

Лингвист С. Крашеннің пікірінше екінші тілді меңгеруге әсер ететін алғашқы фактор – тіл үйренушілер қабылдайтын танымдық ақпарат. Тіл үйренушілердің өзге елде, яғни мақсатты тіл иелері ортасында өткізген уақыт ұзақтығына меңгеру деңгейі тікелей байланысты. Сонымен қатар, оқылым, лексика, грамматика және жазылым дағдыларын меңгеруге өте пайдалы болып табылады деп пайымдайды.

Тіл білімі ғылымында *қолданбалы тіл білімі* термині 1940 жылдары АҚШ мемлекетінде пайда болып, аталмыш ғылым саласында белсенді қолданысқа ие бола бастады. Қолданбалы тіл білімінің пән ретінде іргетасы қалануы қазіргі тіл білімі ғылымының тәжірибелік қолданысын табуға жасалған талпыныстар мен қадамдарды сипаттайды (Mackey, 1965). Қолданбалы тіл білімі тілдің қатысы бар барлық әлеуметтік мәселелерді шешумен тығыз байланысты екендігі жиі айтылады. «Қолданбалы тіл білімі адамзат баласының тіл туралы білімін, тілдің оқытылу жолдарын және оның қолданысқа түсу барысын шынайы өмірдегі арнайы мақсаттарға жету және нақты мәселелерді шешу үшін қолданады» (Schmitt, 2002).

Қазақстан Республикасында тілдік саясат аясында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту мәселесі ерекше назарда. Мемлекеттік тіл мәртебесін нығайту үшін көпұлтты ортада қазақ тілін үйретудің тиімді әдістері қажет. Бұл бағытта соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар Ә. Жүнісбек [12, 13], Ф. Оразбаева [14, 15], Б. Қасым [16, 17], Ж. Жұбанова [18], Ғ. Қалиев [19], А. Махамбетова [20], С. Нұршаев [21] және т.б. қазақ тілін оқытудағы коммуникативтік әдістеме, тілдік құзыреттілік қалыптастыру, екінші тіл ретіндегі қазақ тілін үйрету теориясы бойынша құнды еңбектер жазды.

Осы зерттеу олардың еңбектерін толықтыра отырып, нақты бір этникалық топ – түркімен үйренушілердің тәжірибесіне сүйенеді. Мұндай тар аяда жасалған қателерді талдау қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы практикалық әдістемелерді жетілдіруге, оқу құралдарын құрастыруға, тілдік ортадағы қиындықтарды алдын ала болжауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Қолданбалы тіл білімі ғылымының негізгі бір саласы қателерді талдау болып табылады. Адамзат баласының қолынан туындайтын іс-әрекетінің барлық салаларында қате ұғымы кездеседі. Қазіргі таңда білімнің түрлі бөлімдерінде зерттеудің қомақты бөлігі осы тақырыпқа арналған. XX ғасырдың 60-70 жылдары шетел тіл білімінде «қателерді талдау» атты ғылыми бағыт пайда болды. Аталмыш бағыттың зерттеу пәні қателер мен олардың екінші тілді меңгеру және оны сөйлеу барысында пайда болған қателердің себеп-салдары. 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың басында жүргізілген зерттеулердің

нәтижесі екінші тілді үйренушілердің тілі жүйелі және олардың қателері кездейсоқ емес, керісінше нақты бір ережелерге бағынып отырған іс-әрекет екендігін көрсеткен (Adjemian, 1976). Қателерді талдау қолданбалы тіл білімінің саласы ретінде тіл үйренушілердің қателері тек олардың ана тілінің ықпалынан ғана емес, сонымен қатар кейбір әмбебап стратегияларды көрсеткендігін ғылыми тұрғыда анықтау үшін туындаған мәселе.

Іс-әрекеттің түрлі салаларындағы қателерді талдауға бағытталған зерттеулер аталмыш іс-әрекеттің нәтижесіне тигізетін әсерімен шартталған. Бастапқыда табиғатта қандай да бір қатенің болуы мүмкін емес деп есептеледі, сондықтан барлық қателер қалай болғанда да адамзат баласының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Философия мен логика пайымдау үдерісіндегі ойлардың дұрыс емес жүрісі нәтижесінде туындайтын қателерді айқындай отырып, ақиқат пен жалған деп аталатын ұғымдарды белсенді түрде қолданады. Логикалық қателерді логиканың заңдары мен ережелерінің мазмұнды ой әрекеттерінде орын алатын ауытқулармен, логикалық амалдар мен тәсілдердің жаңылыс қолданылуымен байланыстырылады. Психология адам бойындағы мінез-құлық, жүріс-тұрысындағы ауытқулармен байланысты қателерді зерттейді. Юриспруденция саласында қатені жеке тұлғаның жаңылысуы ықпалынан туындаған деректі немесе заңды жағдайларда жасаған іс-әрекетінің нәтижесі ретінде анықтайды.


Қателерді зерттеуге тіл білімі ғылымында ерекше мән беріледі. Ең бірінші кезекте сөйлеу барысында орын алатын қателер, яғни тіл жүйесінің қолданылуы. Лингвист үшін тілді меңгеру және қолдану барысында пайда болатын түрлі қателер анағұрлым маңызды және қызықты болып табылады. Тіл – адамзат қоғамының дамуындағы өте маңызды әрі теңдесі жоқ рөлге ие. Адам тілдің көмегімен бойындағы сезімдерін білдіру, ойларымен бөлісу және іс-әрекетке ынталандыру мүмкіндігіне ие болуы үшін таңбалардың жүйесі ретінде тілді меңгеруімен қатар әлеуметтік мәдени код және әлемнің бейнесін де игеруі қажет.

Екінші тілде меңгеру барысында туындайтын қателерді талдау қос тілдің жүйелері арасындағы айырмашылықтарды ғана түсінуге емес, сонымен қатар лингвомәдениет иелерінің санасында қалыптасқан әлемнің түрлі бейнелерін де анықтауға көмектеседі. Танымал ғалым Карл Джеймстің сөзіне сүйенсек «қателерді тал-

дау – сәтсіз сөйленістердің жиілігін, табиғатын, себептерін және нәтижелерін анықтау үдерісі» (James, 1998).

Соңғы жылдары екінші тілді меңгеру төңірегінде жүргізілген ғылыми зерттеулер тіл үйренушілердің қателерін талдаудың маңыздылығын нақты айқындап берді. Яғни қателерді талдаудан алынған нәтижелер, ғылыми дәрежедегі көрсеткіштер және қорытындылар екінші тілді меңгеру барысындағы тіл үйренушілер кездестіретін қиындықтар мен кедергілерді болжауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде тіл үйретуші ұстаздар дәрісхана қабырғасында отырған білім алушылар бастан кешуі мүмкін қиындықтарды алдын ала болжап, хабардар болып отырады және сол қиындықтарға ерекше зейін қойып, дер кезінде жойып отыруға ықпал етеді. Тіл білімі ғылымындағы қателерді талдау дегеніміз – тіл үйренушілер жол беретін қателерге ерекше назар аударатын лингвистикалық талдаудың түрі, яғни мақсат тілде жіберілген қателер мен мақсат тілдің өзіндегі қателерді салыстыру үрдісі. Қателерді талдау тіл үйренушілердің екінші тілдегі жасаған қателерінің негізгі себеп-салдарын айқындайды.

Тіл білімі ғылымындағы зерттеуші ғалымдар екінші тілді меңгеру бойынша қателерді талдау мәселесі жайында ғылыми тұрғыда жан-жақты дәйектей отырып, қалыптастырған тұжырымдамаларын алға тарта отырып, түрлі тілдерді салыстыру және екінші тілдің қателерін талдау барысында жүйелік қателерді толық түсіндіру мүмкін емес, сол себепті *аралық тіл* термині пайда болғандығы туралы жазады. Яғни аралық тіл екінші тілді меңгерушінің ойында бар тілдік жүйеге қатысты және тығыз байланыста. Аралық тіл тек қателерден ғана тұрмайды, ол өзіндік ережелері мен құрылымы бар тіл (Selinker, 1972). Осы мәселеге байланысты аралық тілдің пайда болуына ықпал ететін негізгі үш үдеріс (VanPatten, 2010) ғылыми еңбектерде атап көрсетіледі және олар сызба түрінде (1-сызба) көрініс тапқан.



1-сызба – Аралық тілдің пайда болуына ықпал ететін үдерістер

Аралық тілдің пайда болуына тікелей әсер ететін үдерістер: тілдік тасымалдау, жалпылау және жеңілдету. Тілдік тасымалдау үдерісі барысында бірінші тілдің рөлі үстем, яғни тіл үйренушілер екінші тілді бірінші тіл жүйесінің көмегімен меңгереді және нәтижесі оң немесе теріс болуы мүмкін. Жалпылау үдерісі кезінде тіл үйренушілер екінші тілдің жалпы ережелерін барлық құрылымдарға қатысты қолданады, сондықтан белгілі бір қателер мен тілдік нормалардың ауытқуы орын алады. Жеңілдету үдерісі барысында тіл үйренушілер екінші тілді меңгеруде көбінесе жасөспірім балалар деңгейінде көрініс табатын пиджин сынды жеңіл әрі қарапайым тілді қолдануға бейім келетіні ғылыми тұрғыда анықталған.

Қателер екінші тілді меңгеру барысында өте маңызды рөлге ие. Олар тіл үйренушілердің тіларалық кеңістігінің бір бөлігі болып табылады. Яғни сол кеңістікте олар екінші тілдің өзіндік нұсқасын жасап шығарады да үйрену деңгейіне қарай сол тілде сөйлейді. Екінші тілді меңгерушілер бейсаналы түрде екінші тілді өзіндік өңдеуден өткізіп, екінші тілдің өзіндік нұсқасын жасайды. Екінші тілді үйренушілер бейсаналы деңгейде талдау жүргізе отырып, өздерінің тіларалық кеңістігін қайта құрастырады. Тіл білімі ғылымындағы зерттеушілердің пайымдауынша мұндай үдеріс өте маңызды әрі қалыпты жағдай және екінші тілді үйрену барысында оны айналып өту мүмкін емес. Қателер – екінші тілді меңгеру кезіндегі табиғи құбылыс. Қателер екінші тілді үйренушілердің барлығы екінші тілді меңгеру үдерісін бастан өткеретіндігін көрсетеді және олардың ішкі ділдік үдерісі жаңа, яғни екінші тілмен жұмыс істеуге бағытталғандықтан, олар тілмен өз бетінше тәжірибе жүргізе бастайды. Қате жасау арқылы екінші тілді меңгерушілер белгілі бір нәрсені толық түсінбей тұрғандығын ұғына бастайды және оны түзетуге талпыныс жасайды. Екінші тілді меңгеру барысында екінші тілді үйренушілер меңгерудің түрлі сатыларынан өтеді және тілді меңгерудің әрбір жаңа сатысы келесі деңгейді барынша нақты меңгеруге көмектеседі. Мысалы, егер біз біреумен сұхбаттассақ, бірақ әңгіме желісі өрбімесе, біз өз ойымызды басқа сөздерді қолдана отырып, қайтадан нақтырақ жеткізуге тырысамыз. Қателер тілді меңгеру деңгейінің көтерілуіне байланысты түзетулерсіз уақыт өте келе жойылып отырады. Тіл білімі ғылымындағы зерттеушілердің пікірінше қателерді түзету екінші тілді үйренушілерге өздері түзетуге да-


йын болған кезде және тілді меңгерудің немесе тіларалық кеңістіктің дұрыс деңгейінде болған кезде ғана көмектесе алады (Spratt, Pulverness, Williams, 2011).

Екінші тілді меңгеру қолданбалы тіл білімінің бір саласы болып табылатындығы жайлы жоғарыда бірнеше рет айтылып өтті. Яғни қолданбалы тіл білімі ғылыми тілдік теорияларға негізделе отырып, шынайы өмірдің маңызды тұстарына, тілді оқыту мен үйренуге бағытталады. Алайда екінші тілді меңгеру мәселесінің нақты қашан немесе қай уақытта басталғандығы жайлы нақты мәлімет беру мүмкін емес, себебі ол пәнаралық ортада туындап, қолданбалы тіл білімі шеңберінде дами бастады.

Екінші тілді үйренушілер екінші тілді үйрену барысында жасайтын қателердің екі негізгі себебі бар. Бірінші себеп – бірінші тілдің екінші тілге әсері. Екінші себеп – екінші тілді үйренушілер саналы немесе бейсаналы түрде оқып үйреніп жатқан тілмен тәжірибе жүргізеді, бірақ аталмыш үдеріс әлі аяқталмаған. Қатенің бұл түрі даму қателері деп аталады [16]. Мұндай қателерге барлық екінші тіл үйренушілер екінші тілді меңгерудің кез келген деңгейінде жол берулері мүмкін.

Тіл білімі ғылымында шетелдік лингвист ғалымдар екінші тілді меңгеру мәселесін негізгі бес түрлі кезеңге бөліп қарастырады (Haynes, 2007). Ең бірінші кезең – *репродукция*: тіл үй-

ренушілер шамамен саны бес жүзге жуық жаңа сөздерді қабылдай отырып, жеке сөздік қорларын толықтырады және бұл үнсіз кезең деген атауға ие. Екінші кезең – *алғашқы өндіріс*: тіл үйренушілер бір немесе екі сөзден құралатын қысқа сөз тіркестерін немесе фразаларды қолдана бастайды. Аталмыш кезеңде тіл үйренушілер белсенді түрде жұмыс жүргізіп, жалпы саны мыңға жуық жаңа сөздерді қабылдайды, сонымен қатар грамматикалық қателер де орын алады. Үшінші кезең – *сөйлеудің пайда болуы*: бұл кезеңде сөздік қор деңгейі үш мың сөзге дейін көтеріледі және тіл үйренушілер сөз тіркестері мен қарапайым сөйлемдерді қолдана отырып, қарапайым құрылымдағы сұрақтарды қою арқылы тілдік қарым-қатынасқа түседі және кейбір қателерге жол беріледі. Төртінші кезең – *аралық шапшаңдық*: тіл үйренушілер күрделі сөйлем құрылымдарын қолдана алу дәрежесіне дейін көтеріледі, яғни салалас құрмалас сөйлемдер қолданыс тауып, сөздік қор шамамен алты мың сөзді құрайды. Бұл кезеңде де қателер орын алады, алайда олар жай сөйлемдерде емес, көбінесе күрделі сөйлемдерде кездеседі. Бесінші кезең – *ілгері шапшаңдық*: соңғы кезеңге жету үшін тіл үйренушілер екінші тілді меңгеруге бес пен он жыл аралығында уақыт жұмсайды және тіл иесінің тілдік деңгейіне қол жеткізеді. Төменде бейнеленген (2-сызба) екінші тілді меңгерудің кезеңдері көрініс тапқан.



2-сызба – Екінші тілді меңгеру кезеңдері

Екінші тілді меңгеру түрлі жас категорияларына байланысты зерттелетіні мәлім, алайда берілген мақалада ересек тіл үйренушілер қарастырылады. Тіл білімі деп аталатын ауқымы кең ғылым саласындағы жылдар бойы жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, екінші тілді меңгеруде ересек тіл үйренушілер үшін септік жалғауларының меңгерілуі өте маңызды. Екінші тілдегі флективті морфологияның дамуы екінші тілді зерттеу нәтижелерін көрсету мақсатындағы морфемалық зерттеулер басталған уақыттан бері өзектілігі үздіксіз артып келе жатқан мәселелердің бірі (Норр, 2012). Морфологияны меңгеру ересек екінші тіл үйренушілер үшін кешенді құбылыс болып табылады (Clahsen, Muysken, 1986), өйткені флективті морфология екінші тіл үйренушілер үшін күрделі мәселе (Haznedar, 2006).

Кіріспеде аталған үш стратегия (метатанымдық, танымдық, әлеуметтік) – екінші тілді үйренудің негізі. Қазақ тілін меңгеру үдерісінде тіл үйренушілер әртүрлі стратегияларды қолданады. Ең алдымен, метатанымдық стратегиялар оқу барысын жоспарлауға, өзін-өзі бақылауға мүмкіндік береді. Танымдық стратегиялар ақпаратты қабылдау, есте сақтау және өңдеу арқылы іске асады. Ал әлеуметтік стратегиялар тілді қарым-қатынас барысында қолдануға негізделеді. Тіл үйренушілер қазақ тілінде сөйлейтін адамдармен сұхбат құру, пікір алмасу арқылы жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды нақты тілдік ортада тәжірибеден өткізеді.

Лингвистикалық септік зат есімнің немесе есімдіктің синтаксистік немесе семантикалық функциясы арқылы анықталатын грамматикалық категория (Blake, 2001). Септік көрсеткіштері негізінен сөздің түбірін өзгертпей, яғни зат есімнің, есімдіктің және зат есім құраушы сөз тіркестерін белгілейтін сөздерге қосымша мағына береді. Септік көрсеткіші морфология мен синтаксис сабақтаса отырып, түсінікті ақпарат өндіру үшін бірлесе қызмет атқаратын сала. Белгілі бір септіктің көрсеткішіне байланысты екінші тіл үйренушілер жасаған қателер, олардың белгілі бір септікті толық меңгермегендігінің белгісі екендігін көрсетеді (Sabia, 2003).

Тіл білімі ғылымындағы лингвист ғалымдар бірінші тілді үйренудегі ережелердің рөліне ғылыми тұрғыда терең үңілуге әрдайым дайын болғанымен, ересек екінші тіл үйренушілер үшін ресми үйрету парадигмасының маңыздылығын зерттеуге деген қызығушылық басым екендігі байқалады. Мұның негізгі себебі ере-

сек екінші тіл үйренушілер жасөспірім балалардың бойында әлі дамып жетілмеген метатілдік білім мен шешімін таппаған мәселелерді шешу стратегияларын қоса алғанда кемел танымдық қабілеттерді көбірек қолданады. Алайда, атауы тілге тиек етілген факторлар ересек тіл үйренушілердің бойында кедергі келтіретін немесе тежегіш ретінде жиі қарастырылады. Ересек тіл үйренушілердің екінші тілді үйрену үдерісі барысында күрделі мәселелерді шешу стратегиялары мен ресми ережелерді қолдануы екінші тілді толық табиғи түрде меңгеруге кедергі келтіретін қабілетсіздіктің орнын толтыруға ықпал ететіні жайлы ғылыми еңбектерде бірнеше пікірлер жазылған (Felix, 1987; Johnson, Newport, 1989; Krashen, 1981b). Мысалы, әмбебап грамматика шеңберінде қарастырылатын ересек тіл үйренушілер бойында кездесетін күрделі мәселелерді шешу стратегияларына сүйенудің күннен күнге ұлғаюы бірінші тілдегі белсенді болып келген механизмдердің нашарлауы ретінде соңғы кездері жиі айқындалып жүр (Schwartz, 1993). Әмбебап грамматика ережелері бойынша ересек екінші тіл үйренушілердің екінші тілді үйрену үдерісінен жасөспірім балалардың бірінші тілді меңгеруі түбегейлі түрде ерекшеленеді.

Екінші тілді меңгеруде септіктерді меңгеру, әсіресе *табыс септігінің* айрықша орын алатыны туралы айтылады. Мәселен, табыс септігін меңгеру жолдарына арналған мақалада автор табыс септігінің сұрақтарына жауап беру үшін сөзге қандай жалғаулар жалғану керектігі жайлы жазып, келесі жалғауларды көрсетеді: *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н* (Сарқытқызы, 2009).

Мақаланы жазу барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің түркітану және тіл теориясы кафедрасының «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығында білім алып жүрген ұлты түркімен студенттер арасында қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрену барысында қателерді талдау бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 22-30 жас аралығындағы респонденттер қатысты. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы саны 20.

Жүргізілген зерттеудің нәтижесі бойынша респонденттердің жауаптары негізінде қателерге талдау жасалды. Талдаудың нәтижесі төмендегідей:

1. Төл дыбыстарды айтудағы қателер: *ө – о; і – ы, и; қ – к; ғ – г; ү – у; ұ – у.*

2. Дыбыс үндестігін сақтамау: *құйрық – құйрығын, сабақ – сабағымыз, мектеп – мектебім.*

3. Тәуелдік жалғауындағы қателер: *мысықтың құйрығын – мысықтың құйрықны, Мақтақыздың мейізін – Мақтақыздың мейізін және т.б.*

4. Септік жалғауларындағы қателер: *тышқаннан – тишқандан, сүтінен – сүтиңден, үйінен – үйінден,*

5. Жіктік жалғауындағы қателер: *мен студентпін – студентмін, студентміз,*

6. Көптік жалғаудың фонетикалық варианттарын білмеу: *студентлер, қазақтар, сабақтар және т.б.*

Кіріспеде аталған екінші тілді меңгеруге арналған үш стратегиямен қатар, қателерді талдауға байланысты үш стратегия (формалды, семантикалық, прагматикалық) зерттеу негізінде қателерді түсіндірудің әдіснамалық арқауы

болып табылады. Әрбір септік қателерін талдағанда осы үш стратегияға сілтеме жасай отырып түсіндіруге болады:

1. Формалды стратегия – тіл үйренушілер жалғау формаларын шатастырады (мысалы: *мектеп барамын – барыс септігінің түсіп қалуы*).

2. Семантикалық стратегия – мағыналық реңктерді ажырата алмайды (мысалы: *кітаптан оқыдым орнына кітаппен оқыдым – шығыс пен көмектестің шатасуы*).

3. Прагматикалық стратегия – сөйлеу жағдаятына сәйкес септікті дұрыс таңдай алмау (мысалы: *үйден келдім орнына үйге келдім*).

Зерттеу барысында түркімен ересек үйренушілердің қазақ тіліндегі септік жалғауларын меңгерудегі қателер төмендегідей топтастырылды (1-кесте).

1-кесте – Қателерді сандық талдау

Септік түрі	Қате саны	Жалпы қателер ішіндегі пайыздық үлес	Қате сипатының негізгі түрлері
Барыс септігі	32	28%	Бағыт/мақсат мәнін шатастыру; артық жалғау жалғау
Шығыс септігі	19	22%	Себеп мәнінде орнына табыс/көмектес қолдану
Табыс септігі	20	20%	Белгілі/белгісіз тура толықтауышты ажырата алмау
Ілік септігі	15	12%	Тәуелдік жалғаулармен сәйкессіздік
Көмектес септігі	9	10%	Құралдық мән орнына шығыс септігін қолдану
Жатыс септігі	10	8%	Мекен/уақыт мәндерін шатастыру

Сандық талдау нәтижесінде түркімен үйренушілердің қазақ тілінің септік жүйесін меңгеруінде ең көп қателер барыс (28%), шығыс (22%) және табыс (20%) септіктерінде шоғырланғаны анықталды. Бұл септіктердің көпқызметті семантикасы мен қолданылу өрісінің кеңдігі үйренушілер үшін негізгі қиындық болып отыр. Барыс септігі – бағыт пен мақсат мәнін ажыратуда қате (мысалы: *мектепке барамын* орнына *мектеп барамын*). Шығыс септігі – себеп мәнінде қате, көбіне көмектес немесе табыс септігімен ауыстырылып қолданылады. Табыс септігі – тура толықтауыштың белгілі/белгісіздігін меңгере алмаудан туындайды. Ілік мен тәуелдік жалғаулары – сәйкессіздік қателері жиі кездеседі. Түркімен тіл үйренушілердің қазақ тіліндегі септік жалғауларын меңгеру қателерінің пайыз-

дың көрсеткіші төмендегі суретте көрсетілген (1-сурет).


Зерттеу нәтижесі негізінде жасалған нақты тұжырымдар:

1. Түркімен үйренушілер үшін септіктердің формасы емес, олардың функционалды-мағыналық өрісі басты қиындық туғызады.

2. Қателердің 70 пайызға жуығы (барыс, шығыс, табыс септіктері) коммуникативтік жағдаятты дұрыс түсінбеуден туындайды.

3. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда салыстырмалы грамматикалық талдау және қолданбалы жаттығулар арқылы септіктердің семантикалық реңктерін меңгерту қажет.

4. Түркімен үйренушілердің қателері алдын ала болжанып, оқу құралдарына енгізілсе, тіл үйрену тиімділігі артады.



1-сурет – Түркімен үйренушілердің қазақ тіліндегі септік жалғауларын меңгеру қателерінің пайыздық көрсеткіші

Қорытынды

Тіл білімі ғылымында кейбір зерттеушілер екінші тілді меңгеру үдерісінде жадының маңызды рөлге ие екендігі туралы айтады. Ұзақ мерзімді жадының үш бөліктен тұратыны мәлім. Бірінші бөлікте өте жеңіл әрі жылдам жаңғыртылатын сөздер, екінші бөлікте тіл үйренушілер үшін күрделі сөздер, ал үшінші бөлікте ұмытылып кеткен сөздер сақталады. Механизм іздеу уақытының ұзақтығына қарамастан жағдаятқа сәйкес сөздерді іздеп табу болып табылады. Ол үшін сөздіктерді, анықтағыштарды немесе басқа да көмекші құралдарды қолдануға болады. Бұндай жағдайда тек жағдаятқа сәйкес сөздерді «тірілте» білу қажет. Ұзақ мерзімді жадыдан бөлек, сөйлеу механизмінде қысқа мерзімді немесе жедел жады да маңызды рөл атқарады. Бұл жады бірнеше секунд қана жұмыс істейді. Осы уақыт аралығында қандай да бір синтактикалық үлгіні таңдап алып, оған сәйкес келетін екінші тілдегі сөздерді ұзақ мерзімді жадыдан іріктеп алу қажет. Ана тілінде сөйлейтін адамда бұл құбылыс табиғи тұрғыда жүзеге асырылады, ал екінші тілді үйренушіде екінші тілінде түзетуді қажет ететін қателер орын алуы мүмкін. Кейде көп уақыт бұрын жатталған, бірақ ұмытылып кеткен сөз керек кезінде жадыда пайда болуы мүмкін.

Тіл үйренушілер екінші тілді меңгеру барысында сөздерді жаттап, оларды есте сақтап алу керектігін оларға айтып түсіндірген жөн, өйткені сөздер адамның ұзақ мерзімді жадында сақталып, қажет болған кез келген уақытта пайда болады. Сонымен қатар сөздерді жеке-жеке емес, сөз тіркестері түрінде меңгерген жөн, сонда ғана олар есте жақсы сақталады.

Қателер көбінесе ауызша және жазбаша сөйлеу әрекетінде туындайды. Сөйлеу – адам психикасының шығармашылық функциясы (Жинкин, 1986). Екінші тілді үйрету барысында сөйлеудің дамуының психологиялық негіздері жайлы жалпы түсінік қалыптастырған жөн және екінші тілді үйренуші қателер жасауы мүмкін екенін есте сақтай отырып, оларды болдырмауға көмектесуі керек.

Тіл үйрену мен меңгеру оңай міндет емес, әсіресе екінші тілді меңгеру мәселесі. Ол батылдық, күш-жігер және үлкен еңбекті талап етеді. Екінші тілді жақсы меңгеру және оны дұрыс қолдана білу үшін тіл үйренушілер тіл үйрену стратегияларын дұрыс әрі орынды жүзеге асыра білуі тиіс.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, түркімен үйренушілердің қазақ тіліндегі септік жүйесін меңгеруінде ең көп қателер барыс (28%), шығыс (22%) және табыс (20%) септіктерінде шо-

ғырланған. Бұл қателер, біріншіден, формалды деңгейде септік жалғауларының түсіп қалуынан немесе дұрыс жалғанбауынан, екіншіден, семантикалық деңгейде септіктердің негізгі және ауыспалы мағыналарын ажырата алмаудан, үшіншіден, прагматикалық деңгейде сөйлеу жағдаятына сәйкес септікті дұрыс қолдана алмаудан туындайды. Ілік, көмектес және жатыс септіктеріндегі қателердің жиілігі салыстырмалы түрде төмен болғанымен, олардың да сөйлем құрылымында мағыналық бұрмалануға әкелетінін байқауға болады.

Зерттеу нәтижелері түркімен үйренушілердің қазақ тіліндегі септік жүйесін меңгеруде бірқатар жүйелі қателерге ұшырайтынын көрсетті. Қателердің табиғаты, ең алдымен, интерференция құбылысымен, яғни туыстас тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарының өзара ықпалымен, сондай-ақ қазақ тіліндегі септік жалғауларының семантикалық және функционалдық аясымен байланысты болып шықты.

Осы деректер қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда септік жүйесін тек формалды деңгейде ғана емес, функционалды-коммуникативтік тұрғыда меңгерту қажеттігін дәлелдейді. Түркімен үйренушілер үшін септік жалғауларын қолдандудың коммуникативтік жағдайларын үлгілеу,

сондай-ақ салыстырмалы грамматикалық талдау әдісін пайдалану олардың тілдік қателерін азайтуға септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіруде маңызды деректер ұсынады. Атап айтқанда:

1. Қазақ тілін үйретуге арналған оқу құралдарын құрастыруда септік жалғауларын мағына-қызметтік өрісте қарастыру қажет.

2. Түркі тілдері арасындағы салыстырмалы деректерге сүйене отырып, тіл үйренушілердің ықтимал қателерін алдын ала болжау әдісін енгізу тиімді.

3. Тіл үйренушілердің қателерін жүйелеп, арнайы корпус құру, болашақта әдістемелік базаны нығайтуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, түркімен ересек тіл үйренушілердің қателерін талдау қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың ғылыми негізін кеңейтеді және тіл меңгеру үдерісінің ерекшеліктерін тереңірек түсінуге жол ашады.

Зерттеудің нәтижелері болашақта қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы қателерді талдаудың салыстырмалы аспектілерін кеңейтуге, тілдік корпусар негізінде автоматтандырылған талдау жүйесін құруға, сондай-ақ ересек тіл үйренушілерге арналған арнайы әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеуге негіз бола алады.

References

- Adjemian, C. (1976). On the Nature of Interlanguage Systems. *Language Learning*. Vol. 26, P. 297-320.
- Blake, B. J. (2001). *Case* (2nd ed.). Cambridge, U.K.: Cambridge University Press.
- Chamot, A.U., Kupper, L. (1989). Learning strategies in foreign language instruction. *Foreign language annals*, Vol. 22(1), P. 13-22.
- Clahsen, H., Muysken, P. (1986). The availability of UG to adult and child learners: A study of the acquisition of German word order. *Second Language Research*. Vol. 2, P. 93-119.
- Cohen, A.D. (2010). Focus on the language learner: Styles, strategies and motivation. *An introduction to applied linguistics*. Vol. 2, P. 161-178.
- Ellis, R. (2008). *The Study of Second Language Acquisition*. Oxford: Oxford University Press.
- Felix, S.W. (1987). *Cognition and language growth*. Dordrecht. Foris.
- Gass, S.M., Selinker, L. (2008). *Second Language Acquisition: An Introductory Course*. New York: Routledge.
- Haynes, J. (2007). *Getting Started With English Language Learners: How Educators Can Meet the Challenge*. Alexandria, VA: Association for Supervision and Curriculum Development.
- Haznedar, B. (2006). Persistent problems with case morphology in L2 acquisition. *Interfaces in multilingualism: Acquisition and representation*. Amsterdam: John Benjamins.
- Hopp, H. (2012). The development of L2 morphology. *Second Language Research*, Vol. 29(1), P. 3-6.
- James, C. (1998). *Errors in Language Learning and Use*. London: Longman.
- Johnson, J., Newport, E. (1989). Critical period effects in second language learning: The influence of maturational state on the acquisition of English as a second language. *Cognitive Psychology*, Vol. 21, P. 60-99.
- Krashen, S. (1981b). *Second language acquisition and second language learning*. New York: Oxford University Press.
- Krashen, S.D. (1981a). *Second Language Acquisition and Second Language Learning*. Oxford. New York. Pergamon Press.
- Lightbown, P.M. (2006). *How Languages Are Learned*. Oxford; New York: Oxford University Press.
- Mackey, W.F. (1965). *Language Teaching Analysis*. London. Longman.
- Mahambetova, A. (2014). *Ekinshi til retindegi qazaq tilin mengerudin psiholingvistik negizderi*. Almaty: Qazaq universiteti.
- Nurshae, S. (2019). *Qazaq tilin oqytudagy qatelerdi taldau*. Almaty: Qazaq universiteti.

- O'Malley, J.M., Chamot, A.U. (1990). Learning strategies in second language acquisition. Cambridge. Cambridge university press.
- O'Malley, J.M., Chamot, A.U., Stewner-Manzanares, G., Kupper, L., Russo, R.P. (1985). Learning strategies used by beginning and intermediate ESL students. Language learning, Vol. 35(1), P. 21-46.
- Orazbaeva, F. Sh. (2000). Tildik qatynas: teoriyasy zhane adistemesi. Almaty: Dauir.
- Orazbaeva, F. Sh. (2010). Qazaq tilin uiretudin innovatsiyalyk tehnologiyalary. Almaty: Qazaq universiteti.
- Qaliev, G. (2012). Qazaq tilin ekinshi til retinde oqytudyn teoriyalyq negizderi. Almaty: Qazaq universiteti.
- Qasym, B. (2012). Qazaq tilin ekinshi til retinde oqytu adistemesi. Almaty: Qazaq universiteti.
- Qasym, B. (2016). Tildi uiretudin kommunikativtik negizderi. Almaty: RBK.
- Sabia, I. (2003). Case-marking errors in L2 Russian and production rules: Master of Arts thesis. Athens, Georgia: University of Georgia.
- Sarkytqyzy, D. (2009). Tabys septigin menggeru joldary. [Ways of Mastering the Accusative Case]. Qazaq tili men әдеbieti oris mektebinde. [Kazakh Language and Literature in Russian School]. Almaty, Vol. 12. P. 26-30.
- Schmitt, N. (2002). An Introduction to Applied Linguistics. London: Arnold.
- Schwartz, B. (1993). On explicit and negative data effecting and affecting competence and linguistic behavior. Studies in Second Language Acquisition, Vol. 15, P. 147-163.
- Selinker, L. (1972). "Interlanguage". International Review of Applied Linguistics. Vol. 10. P. 209-241. <https://10.1515/iral.1972.10.1-4.209>.
- Spratt M., Pulverness A., Williams M. (2011). The TKT Course. Modules 1, 2 and 3. London: Cambridge University Press.
- VanPatten, B. (2010). Key Terms in Second Language Acquisition. London: Continuum.
- Wenden, A., Rubin, J. (1987). Learner strategies in language learning. N.Y. Prentice-Hall International.
- Zhinkin, N.I. (1986). Yazyk. Rech'[Language. Speech]. Moscow. Labirint.
- Zhunisbek, A. (1996). Qazaq tilin mengerudin psiholingvistik negizderi. Almaty: RBK.
- Zhunisbek, A. (2005). Til dybystaryn mengertu adistemesi. Almaty: Qazaq universiteti.
- Zhubanova, Zh. (2010). Qazaq tilin oqytu adistemesi: zhogary oqu oryndaryna arналған оқулық. Almaty: Qazaq universiteti.

Авторлар туралы мәлімет:

Қоңырбекова Толқын Ордабековна – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: tolkyn.79@mail.ru);

Қайбұлдаева Ақсауле Зауытбековна – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: axaule.kaibuldaeva@gmail.com);

Қартабаева Аяна Алғажалиевна – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: kartabayeva90@mail.ru).

Information about authors:

Konyrbekova Tolkyn Ordabekovna – PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: tolkyn.79@mail.ru);

Kaibuldayeva Axaule Zautbekovna – PhD Student, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: axaule.kaibuldaeva@gmail.com);

Kartabayeva Ayana Algagalievna – PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: kartabayeva90@mail.ru).

Сведения об авторах:

Қоңырбекова Толқын Ордабековна – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: tolkyn.79@mail.ru);

Қайбұлдаева Ақсауле Зауытбековна – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: axaule.kaibuldaeva@gmail.com);

Қартабаева Аяна Алғажалиевна – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kartabayeva90@mail.ru).

Келіп түсті: 11 қыркүйек 2025 жыл
Қабылданды: 15 қыркүйек 2025 жыл